

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: «Еркемай» балабақшасы

Өткізілген күні: 31.08.2024 жыл

Қатысқан педагогтардың саны: 10 педагог

Тақырыбы: «Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: «Тәрбие - оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру, функционалдық сауаттылықты және педагогикалық инновацияларды дамыту»

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.«Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
2. Жедел бақылау қорытындысы. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.
3. 2024-2025 оқу жылының нормативтік құжаттарымен таныстыру (Әдістемелік нұсқау-хат; стандарт, үлгілік оқу жоспары мен бағдарламасы)
4. «Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»
 - 1) 2024-2025 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.
 - 2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, күн тәртібін бекіту.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттерімен таныстыру (слайд-презентация)
- 7.Әртүрлі мәселелер. Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді марапаттау

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Амирова Г.Х. педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайымы), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып, 2024-2025 оқу жылына педагогикалық кеңестің хатшысы болып Жаманова Нурия Ажбаевна сайлануын ұсынды.

Сөйледі:

Әдіскер Едильбаева Б.А. өткен оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Жаманова Нурия Ажбаевна сайлауды ұйғарды.

1-МӘСЕЛЕ

«Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша әдіскер Едильбаева Б.А. жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша есеп берді. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарының міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған іс-

шаралардың өту барысы бөбекжайдың сайты мен әлеуметтік парақшаларында жарияланғандығын айтты. Балабақша сайты

2-МӘСЕЛЕ

Жедел бақылау қорытындысы. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Амирова Г.Х. топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тақырыптық бақылау қорытындысымен таныстырып өтті. Бақылау қорытындысы бойынша балаларды қабылдауға, қызығушылығын оятуға арналған дайындық шаралары, безендірулер толық жүргізілген. Топтағы бала саны жас ерекшеліктеріне сәйкес қамтылған, топ тәрбиешілері толық сайланған, бекітілген. Бөбекжай сыйымдылығына сәйкес 90 тәрбиеленушімен 10 педагогпен өз жұмысын бастағалы отыр. Мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу кестелері, күн тәртіптері, жылдық жоспарлары бекітілген. Барлық жағдайлар гигиеналық талапқа сай тазалық шаралары ұйымдастырылған. Балабақша жаңа оқу жылына толықтай дайын.

3-МӘСЕЛЕ

2024-2025 оқу жылының нормативтік құжаттарымен таныстыру

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. 2024 - 2025 оқу жылының нормативтік құжаттарындағы өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ақпарат беріп, педагогтерге таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбиелеу - білім беру процесінің қандай нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылатыны жөнінде айтып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартындағы өзгерістер мен толықытруларды атап өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен» жұмыс жасайтынын айтты. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы) әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, тәрбиешілердің жұмыс бағыттарын, жұмыс жоспарларының ерекшеліктері мен ескертулерін түсіндіріп өтті.

Сөйледі:

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна нормативтік құжаттардағы өзгерістері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің уақытпен шектелмейтінін, өтпелі тақырыптардың болмайтынын, кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы бағдарлама міндеттерін жүзеге асыруға болатынын түсінгенін айтты.

4-МӘСЕЛЕ

«Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»

Құрметті әріптестер! Сіздерді жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, жұмыстарыңызға толағай табыс тілеймін. Қазір Сіздерді 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып, алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтемін.

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Жылдық міндеттемелер: Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарында денсаулық сақтау технологиялары негізінде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, салауатты өмір салты құндылықтарын дамыту. Ұлттық тәрбие құндылықтары негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында күтілетін нәтижелер: Тәрбиеленушілерде қауіпсіздік мәдениеті мен салауатты өмір салты дағдылары қалыптасады. Ата-аналардың денсаулық сақтау технологиялары туралы құзыреттілігі артады. Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы нығаяды. Денсаулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған қауіпсіз білім беру ортасы қамтамасыз етіледі. Тәрбиеленушілерде ұлттық құндылықтарға құрмет пен рухани-адамгершілік қасиеттер қалыптасады. Балалардың ұлттық салт-дәстүрлерге қызығушылығы мен танымы артады. Отбасы мен балабақшаның ұлттық тәрбие бағытындағы ынтымақтастығы нығаяды. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік орта қалыптасады.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Өткен жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады:

- **денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету**, осы бөлімде: тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы; жыл бойы балалардың ауруы, жұмыс істеген күндері бойынша салыстырмалы сандар, арнайы емдеу-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру үшін денсаулық топтары бойынша жиынтық деректер; сауықтыру жұмысын ұйымдастыру, шынықтыру, рационалды тамақтануды ұйымдастыру, жаңадан келген балалардың бейімделу нәтижелерін қысқаша ұсыну қажет. Әрі қарай жалпы тұжырымдар беріледі;

- **мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады** (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ

балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар;

- **педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері**, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтініштері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады;

- **тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс** (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар;

- **әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады** және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады.

Жылдық міндеттерді жоспарлау

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады. Бұл мәселелер келесі оқу жылына жылдық міндеттерді таңдауды талап етеді.

Жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар:

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

Бұл бөлімде кадрлармен жұмыс жүйесі жоспарланады:

- біліктілікті арттыру курстарынан өту (сараланған тәсілді ескере отырып, педагогтердің әртүрлі санаттары үшін);
- аттестаттауға дайындық және аттестаттау;
- кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т.б. баруы;
- педагогтердің өз білімін жетілдіруі.

2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс

Әр түрлі жұмыс нысандары мен әдістерін қолдана отырып, педагогтерге әдістемелік көмек көрсету:

- шығармашылық топтардың жұмысы;
- педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу;
- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
- заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
- жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу;
- кеңес беру;

- семинарлар, семинар-практикумдар;
- ашық есік күніне қатысу;
- шеберлік сыныптары;
- инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
- эксперименттік әрекетке қатысу;
- әдістемелік кабинетті жабдықтау және материалдармен толықтыру.

Тәрбие жұмысы.

Тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік-адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсиялар, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және т.б. өткізу).

Тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық және медициналық қолдау: педагог-психологтың, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда арнайы педагогтың, медицина қызметкерлерінің жұмыс түрлері.

1. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.

Бұл бөлімде тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жоспарланады (ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар және т.б.):

- балалардың, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығы (конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық);
- ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабардар ету.

2. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.

Келісім шарттар жасалған мектептермен және ұйымдармен жұмыста сабақтастық мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарланады.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылады.

Сөйледі:

Әдіскер Едильбаева Б.А. жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Тыңдалды:

Ботагоз Аманжоловна жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салуды ұсынды. Педагогтар 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. 2024-2025 оқу жылына құралған ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің перспективтік жоспары жоғарыда аталған нормативтік құжаттарға сүйене отырып құрылғанын айтты. 2024-2025 оқу жылының әдістемелік нұсқау-хатының қосымшаларында берілген үлгі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын, тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасын және балалардың жеке даму карталарын қалай жазу керектігіне тоқталды. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібін ұсынды.

5-МӘСЕЛЕ

Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. Бүгінгі педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту және педагогтерді аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыс жоспарын қарастыру.

Педагогтерді аттестаттау – педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін айқындауға, олардың педагогикалық шеберлігін жетілдіруге, кәсіби дамуын ынталандыруға және білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған маңызды үдеріс. Аттестаттау жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің педагогтерді аттестаттау жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттары негізінде жүзеге асырылады. Аттестаттау комиссиясының жұмысы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгеріс енгізу таралы» бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Аттестаттаудың негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби деңгейін бағалау, олардың шығармашылық әлеуетін анықтау, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға жағдай жасау және білім беру сапасын арттыру болып табылады. Сонымен қатар аттестаттау педагогтің өз тәжірибесіне талдау жасауына, кәсіби өсу бағытын айқындауына мүмкіндік береді.

Осы мақсатта бөбекжай бойынша аттестаттау комиссиясы құрылып, оның құрамы бекітіледі. Аттестаттау комиссиясының жұмысы ашықтық, әділдік, объективтілік және заңдылық қағидаларына негізделеді. Комиссия мүшелері педагогтердің аттестаттау материалдарын қарастырып, олардың кәсіби қызмет нәтижелеріне сараптама жүргізеді және белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтайды.

2024–2025 оқу жылына арналған аттестаттау жұмыс жоспарына сәйкес төмендегідей жұмыстар жүзеге асырылады:

Бөбекжай бойынша аттестаттау комиссиясы құрылып, тиісті бұйрық шығарылады. Бұл кезеңде комиссия мүшелерінің міндеттері нақтыланып, жұмыс бағыттары белгіленеді. (20.02.2025ж. «Педагогтерді аттестаттау комиссиясы және сараптамалық кеңес құру туралы» №17 бұйрығы)

Аттестаттауға өтініш білдірген педагогтердің тізімі жасалып, бекітіледі.

2024-2025 оқу жылында аттестаттауға өтініш білдірген педагог:

Сонымен қатар педагогтер аттестаттау қағидаларымен таныстырылып, қажетті кеңестер беріледі. Аттестаттау рәсіміне қатысты құжаттарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріліп, әдістемелік көмек ұйымдастырылады.

Сараптау комиссиясының жұмысы жүргізіледі. Бұл кезеңде аттестатталатын педагогтермен әңгімелесу ұйымдастырылып, олардың кәсіби қызметінің нәтижелері қарастырылады. Педагогтердің біліктілік тестілеуінен өту нәтижелері зерделеніп, шығармашылық есептері тыңдалады. Сондай-ақ олардың кәсіби

жетістіктері, білім беру үдерісіндегі инновациялық әдістерді қолдануы, тәрбиеленушілердің жетістіктері мен педагогтің кәсіби дамуы жан-жақты талданады.

Аттестаттаудан өтетін әрбір педагог өзінің кәсіби қызметін сипаттайтын шығармашылық папкасын дайындайды. Шығармашылық папкада педагогтің оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері, әдістемелік әзірлемелері, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, кәсіби жетістіктері, сертификаттары мен марапаттары жинақталады.

Аттестаттау барысында педагогтерге жан-жақты қолдау көрсету маңызды. Сондықтан әдіскерлер мен аттестаттау комиссиясы тарапынан консультациялар өткізіліп, құжаттарды рәсімдеу мен материалдарды жинақтау бойынша қажетті көмек көрсетілетін болады.

Қорытындылай келе, аттестаттау педагогтің кәсіби қызметіне баға беретін ғана емес, оның үздіксіз дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Сондықтан аттестаттау жұмыстарын сапалы ұйымдастыру, педагогтерге қолдау көрсету және белгіленген жоспардың орындалуын қамтамасыз ету – барлығымыздың ортақ міндетіміз.

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жоспары (ПА)

Р/с	Жұмыс мазмұны	Кіммен өткізілді	Уақыты	Жауапты адам
1	Балабақша бойынша аттестация комиссиясын құру, бұйрық шығару.	Пед.ұжым.	Тамыз	Меңгеруші
2	Аттестаттауға өтініш берген педагогтардың тізімін жасау және бекіту.	Пед.ұжым.	Қыркүйек	Аттестаттау ком.төрайымы
3	Аттестаттау ережесімен таныстыру, кеңес беру.	Аттестат. өтетін педагог.	Қыркүйек	Аттестат. комиссиясы
4	Сараптау комиссияның жұмысы: а) аттестатталушы педагогтармен әңгімелесу; ә) біріңші кезең – біліктілік тестілеуден өту; б) шығармашылық есебін тыңдау; Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы.	Аттестат. өтетін педагогтар	Қыркүйек - қараша-қаңтар	Сараптау комиссиясы
5	Сараптау комиссияның жұмысы: - Ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу; - Іс-құжаттар папкаларымен танысу; - Аттестаттау парағын толтыру; - Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру; - Комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог туралы қорытынды шешім қабылдау)		Оқу жылы барысында желтоқсан –мамыр	Сараптау комиссиясы
6	Келесі аттестат/н өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін алу және деректер базасына енгізу.		мамыр	Аттестаттау комиссиясы

6-МӘСЕЛЕ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттерімен таныстыру (слайд-презентация)

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. педагогикалық ұжымға «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттары мен міндеттері туралы слайд-презентация арқылы жан-жақты ақпарат берді.

Баяндама барысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, отансүйгіш, білімді, еңбекқор, жауапкершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу екендігі атап өтілді. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымнан бастап балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталғаны түсіндірілді.

Презентацияда бағдарламаның негізгі құндылықтары ретінде:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік пен жауапкершілік;
- Заң мен тәртіп;
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді құрметтеу;
- Адалдық пен адамгершілік қасиеттерді дамыту мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұны ұлттық құндылықтарға негізделуі қажеттігі айтылды. Балалардың бойында үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, туған жерге сүйіспеншілік, еңбекке құрмет, достық пен мейірімділік қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Әдіскер бағдарламаны іске асыруда тәрбиешілердің, ата-аналардың және ұйым қызметкерлерінің бірлескен жұмысы маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Бағдарлама міндеттерін жүзеге асыру барысында ұлттық ойындарды, халық ауыз әдебиетін, салт-дәстүрлерді, мерекелік іс-шараларды және күнделікті режимдік сәттерді тиімді пайдалану қажеттігі айтылды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна бағдарламаның мазмұны балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталғанын айтып, өз тәжірибесінде қолданатын жұмыс түрлерімен бөлісті.

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту арқылы тәрбие жұмысының тиімділігі арта түсетінін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. 2024 - 2025 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық міндеттері мен жылдық жоспары бекітілсін.
4. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі бекітілсін.

2024-2025 оқу жылында педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу үшін төмендегідей құрамда аттестаттау комиссиясы құрамы құрылсын (келісімімен):

1. Г.Х.Амирова - «Еркемай» балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы
5. 2024-2025 оқу жылына педагогикалық кеңестің құрамы бекітуге ұсыныс берді. Педагогикалық кеңестің құрамына кеңестің төрағасы директор Амирова Гульбану Хаблакатовна, орынбасары әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна;
6. Кеңестің хатшысы болып Жаманова Нурия Ажбаевна сайлансын.

7. Мамандардың жұмыс кестелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес бекітілсін.

8. Бөбекжай жұмысында негізге алынсын.

- Нормативтік-құқықтық құжаттардың өзгерістері мен толықтыруларын негізге ала отырып әр топтың және қосымша іс-әрекеттерінің перспективалық жоспарлары құрылсын. Циклограммалар әр аптаның бірінші күні келісілсін.

"Еркемай" жеке бөбекжайының директоры



Г.Амирова

ЕСЕП

«Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! Бүгін сіздердің назарларыңызға «Еркемай» балабақшасында өткізілген жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қорытынды есебін ұсынамын. Жазғы кезеңдегі жұмысымыздың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, дене белсенділігін арттыру, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі тиімді ұйымдастыру болды. Бөбекжайда жаз мезгілінде кіші, ортаңғы және ересек топтар бойынша жұмыстар жүргізілді. Барлық іс-шаралар жазғы сауықтыру жоспарына сәйкес жүйелі ұйымдастырылып, балалардың жас ерекшеліктері ескерілді.

Жазғы кезеңге дайындық жұмыстары: Жазғы маусым басталғанға дейін педагогтер мен қызметкерлер тарапынан үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Серуен алаңдары тазартылып, көгалдандырылды, гүлзарлар жаңартылды. Балалардың қауіпсіз ойнауына жағдай жасау мақсатында ойын алаңындағы құралдардың жарамдылығы тексерілді. Тәрбиешілер жазғы жұмыс жоспарын әзірлеп, әр аптаға тақырыптық бағыттар белгіледі. Әр топта шығармашылық бұрыштар, зерттеу алаңдары, табиғат бұрыштары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар жаз бойы балалардың қызығушылығын арттырып, әр күнді мазмұнды өткізуге мүмкіндік берді.

Денсаулық сақтау және шынықтыру жұмыстары: Жазғы сауықтыру кезеңінің басты бағыты – балалардың денсаулығын нығайту болды. Күн сайын таңертең балалар көтеріңкі көңіл-күймен таңғы жаттығулар орындады. Музыкалық сүйемелдеумен өткізілген жаттығулар балалардың қызығушылығын арттырып, қозғалыс белсенділігін күшейтті. Серуен барысында: жүгіру, секіру, тепе-теңдікті сақтау, доппен орындалатын жаттығулар, ұлттық қимылды ойындар ұйымдастырылды. Әсіресе «Ақсерек-көксерек», «Арқан тарту», «Орамал тастау», «Қуып жет» сияқты ұлттық ойындар балалардың ептілігін, ұйымшылдығын және достық қарым-қатынасын дамытуға ықпал етті. Шынықтыру шаралары барысында ауа ванналары, су шашу элементтері, жалаңаяқ жүру жолақтары қолданылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде: балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі артты, серуенге деген қызығушылығы жоғарылады, дене жаттығуларын орындау сапасы жақсарды, балалардың төзімділігі мен шыдамдылығы қалыптасты.

Танымдық және зерттеу жұмыстары: Жаз мезгілінде балалар табиғатпен етене жақын жұмыс жасады. «Табиғат – біздің досымыз» апталығы аясында балалар күн сайын табиғат құбылыстарын бақылап отырды. Олар гүлдердің өсуін, жәндіктердің тіршілігін, ауа райының өзгеруін бақылап, өз ойларын еркін жеткізе білді. Ересек топ тәрбиеленушілерімен: «Су неге буланады?», «Құмның қасиеті», «Жарық пен көлеңке», «Өсімдікке су не үшін қажет?» тақырыптарында тәжірибелер жүргізілді. Ортаңғы топ балаларымен қарапайым зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды. Балалар тәжірибе барысында сұрақ қоюға, бақылауға, қорытынды жасауға үйренді. Нәтижесінде: балалардың зерттеушілік қабілеттері дамыды, қоршаған орта туралы білімдері кеңейді, танымдық белсенділігі артты, бақылау жасау және салыстыру дағдылары қалыптасты.

Шығармашылық жұмыстар: Жаз бойы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Балалар табиғи материалдардан түрлі бұйымдар жасап, сурет салды, мүсіндеді, жапсырмалар орындады. «Көңілді жаз бояулары», «Гүлдер әлемі», «Менің сүйікті ойыншығым», «Туған өлкем» тақырыптарында көрмелер ұйымдастырылды. Балалардың жұмыстары ата-аналар назарына ұсынылып, олардың шығармашылық жетістіктері мадақталды.

Нәтижесінде: балалардың қиялы мен эстетикалық талғамы дамыды, ұсақ қол моторикасы жетілді, өз жұмыстарын таныстыра білу дағдылары қалыптасты.

Спорттық және мерекелік іс-шаралар: Жазғы кезеңде өткізілген мерекелер мен жарыстар балалар үшін ерекше әсерлі болды. 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты балалық шақ» мерекесінде балалар ән айтып, би билеп, қызықты ойындарға қатысты. «Көңілді старттар» спорттық жарысында топтар арасында эстафеталық ойындар өткізілді. Балалар белсенділік танытып, жеңіске деген ұмтылыстарын көрсетті. «Денсаулық күні» аясында спорттық бекеттер ұйымдастырылып, барлық тәрбиеленушілер қатысты. Бұл іс-шаралар балалардың өзіне деген сенімділігін арттырып, салауатты өмір салтына қызығушылығын қалыптастырды.

Қауіпсіздік бағытындағы жұмыстар: Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінді. Апта сайын: жол қозғалысы ережелері, күн өтуден сақтану, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі бойынша әңгімелер өткізілді. Рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар арқылы балалар төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстау жолдарын меңгерді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалар қауіпсіздік ережелерін жақсы меңгеріп, оларды күнделікті өмірде қолдана бастады.

Ата-аналармен жұмыс нәтижесі: Ата-аналар жазғы кезеңдегі жұмыстарға белсенді қатысып отырды. Ақпараттық бұрыштар арқылы кеңестер беріліп, қауіпсіздік бойынша жадынамалар таратылды. Фотоесептер мен бейнематериалдар арқылы ата-аналар балалардың жетістіктерімен танысты. Көптеген ата-аналар балаларының жаз мезгілінде белсенді, көңілді әрі қызығушылықпен балабақшаға келгенін атап өтті. Бұл ата-аналар мен балабақша арасындағы серіктестіктің нығайғанын көрсетті.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының ерекшеліктері:

Биылғы жазғы кезеңнің басты ерекшелігі: барлық іс-шаралардың таза ауада өткізілуі, ұлттық ойындардың кеңінен қолданылуы, зерттеу және тәжірибе жұмыстарының көбеюі, балалардың дербес әрекеттеріне мүмкіндік берілуі, ата-аналардың белсенді қатысуы болды.

№	Жұмыс мазмұны
	«Бақытты балалық шақ»
	https://www.instagram.com/reel/DM_B9gWoRoj/?igsh=MWFteGVwam4zdm5pbQ==
	https://www.instagram.com/reel/DM-ogYtIFax/?igsh=cnQ0c2dpMHR6OWhj
	«Жаз да келді, көңілді»
	https://www.instagram.com/reel/DNU0tG7I- I/?igsh=cmVwa3dlbTR4dWMw
	«Гүлденген табиғат»
	https://www.instagram.com/reel/DMJ0hGUovA6/?igsh=aWhqbml1M3Q5aXI1
	https://www.instagram.com/reel/DMrn5T-I_6U/?igsh=ZWRlMW9qa25yMm81
	«Қауіпсіз жаз»
	https://www.instagram.com/reel/DNuvbYF0IYD/?igsh=MWs4M2ZiYWZxZHR5bg==
	Жазғы сайыс
	https://www.instagram.com/reel/DM26-ivom9f/?igsh=NWx3NGNzYTBmanVk
	https://www.instagram.com/reel/DM2Sw_TINrF/?igsh=MWZ4ZWliZDM4YTZ2Yg==

Қорытынды: Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары толық көлемде орындалды және өз нәтижесін берді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде: балалардың денсаулығын нығайтуға қолайлы жағдай жасалды, дене белсенділігі айтарлықтай артты, қауіпсіздік мәдениеті қалыптасты, танымдық қызығушылықтары дамыды, шығармашылық қабілеттері жетілді, ата-аналармен байланыс нығайды, тәрбиеленушілер жазғы кезеңді көтеріңкі көңіл-күймен және белсенділікпен өткізді.

Осыған байланысты «Еркемай» бөбекжайындағы жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары нәтижелі ұйымдастырылды деп есептеймін.

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна

ЖЕДЕЛ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Топтардың жаңа 2024–2025 оқу жылына дайындығы туралы»

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! Жылдық жоспарға сәйкес 2024–2025 оқу жылының басталу қарсаңында «Еркежан» балабақшасының ортаңғы, ересек және мектепалды топтарының жаңа оқу жылына дайындығына жедел бақылау жүргізілді.

Бақылаудың мақсаты – топтардың білім беру қызметін ұйымдастыруға дайындығын, дамытушы ортаның жабдықталуын, құжаттардың жүргізілуін, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын және педагогтердің оқу жылына дайындығын анықтау болды.

Бақылау барысында барлық топтар жан-жақты зерделеніп, топ бөлмелері, қабылдау бөлмелері, оқу-тәрбие үдерісіне қажетті құралдар мен құжаттар қарастырылды.

«Ботақан» мектепалды тобының дайындығы: Мектепалды топ жаңа оқу жылына талапқа сай дайындалған. Топ бөлмесінде мектепке даярлыққа бағытталған дамытушы орта ұйымдастырылған. Сауат ашу, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру және шығармашылық әрекеттерге арналған оқу құралдары толық қамтылған. Логикалық ойындар, үстел ойындары, көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар жүйеленіп орналастырылған. Тәрбиеші оқу жылына арналған жоспарлау құжаттарын әзірлеп, ата-аналар бұрышын және ақпараттық стендтерді жаңартқан.

«Еркежан» ересек тобының дайындығы: Ересек топта жаңа оқу жылына қолайлы білім беру ортасы қалыптастырылған. Балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға арналған кітап бұрышы, құрастыру орталығы, ұлттық ойындар, сенсорлық және логикалық ойындар толықтырылған. Шығармашылық жұмыстарға қажетті материалдар дайындалған. Тәрбиеші перспективалық және күнтізбелік жоспарларын әзірлеп, көрнекілік құралдарын жүйелеген. Топ бөлмесінің санитарлық жағдайы талапқа сай.

«Қошақан» ортаңғы тобының дайындығы: Ортаңғы топта білім беру үдерісін ұйымдастыруға қажетті жағдайлар жасалған. Танымдық және тілдік дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар, табиғат бұрышы, шығармашылық орталық және сенсорлық материалдар талапқа сай орналастырылған. Тәрбиеші оқу жылына арналған құжаттарды әзірлеп, оқу қызметіне қажетті көрнекіліктерді жаңартқан. Топтағы жиһаздар мен ойын құралдарының қауіпсіздігі тексерілген.

«Жұлдызай» кіші тобының дайындығы: Топ бөлмесі санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес дайындалған. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын және оқу орталықтары жүйелі ұйымдастырылған. Дидактикалық ойындар, құрастыру материалдары, кітап бұрышы және шығармашылық әрекеттерге арналған құралдар толық қамтылған. Тәрбиеші жоспарлау құжаттарын талапқа сай рәсімдеп, ақпараттық стендтер мен ата-аналар бұрышын жаңартқан. Топтың жаңа оқу жылын сапалы бастауына барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Құжаттамалардың жүргізілуі: Жедел бақылау барысында педагогтердің нормативтік-құқықтық құжаттармен қамтамасыз етілуі қарастырылды. Атап айтқанда: жылдық жоспар, перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға қатысты құжаттар қаралды. Құжаттар негізінен

талапқа сәйкес жүргізілген. Кейбір педагогтерге құжаттарды рәсімдеуде бірізділікті сақтау жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілді.

Дамытушы ортаның жағдайы: Барлық топтарда дамытушы орта жаңартылып, балалардың қызығушылықтарын ескеретіндей ұйымдастырылған. Топтарда: ойын орталықтары, кітап бұрыштары, шығармашылық аймақтар, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрнекіліктер орналастырылған. Дегенмен кейбір топтарда дидактикалық ойын қорын толықтыру және ұлттық мазмұндағы материалдарды көбейту қажеттілігі анықталды.

Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы: Бақылау барысында топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, жарықтандырылуы және қауіпсіздік талаптарының орындалуы қаралды. Нәтижесінде барлық топтарда санитарлық талаптардың сақталғаны анықталды. Жиһаздар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес орналастырылған.

Қорытынды: Жүргізілген жедел бақылау нәтижесінде «Алмажан+» балабақшасының ортаңғы, ересек және мектепалды топтарының жаңа 2024–2025 оқу жылына дайындық деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Педагогтер оқу жылын ұйымдастыруға жауапкершілікпен қарап, қажетті дайындық жұмыстарын жүргізген.

Ұсыныстар: Топтардағы дидактикалық ойындар қорын толықтыру. Дамытушы ортаны балалардың қызығушылықтарына сәйкес жүйелі түрде жаңартып отыру. Құжаттамаларды жүргізуде бірізділік пен талаптардың сақталуын бақылау. Жаңа оқу жылында инновациялық технологияларды қолдану жұмыстарын жалғастыру.

Шешім: Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деп танылып, анықталған ұсынымдарды орындау педагогтерге жүктелсін.

Меңгеруші Амирова Гульбану Хаблакатовна